

«Алматы қаласы Қоғамдық даму
басқармасы» КММ –
«Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ-ның
Жалғыз акционерінің

2020 ж. « 20 » шілде айының № 2

шешімімен

«БЕКІТІЛДІ»

«Алматы қаласы Қоғамдық даму
басқармасы» КММ – «Almaty»

Телерадиокомпаниясы» АҚ Жалғыз
акционерінің

2021 ж. « 15 » шілде айының № 2

2025 ж. « 05 » мамыр айының № 9

шешімдермен бекітілген өзгерістермен
бірге

«Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ-ның ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

Алматы қ. – 2025 ж.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Мақсаттары мен негізгі принциптері	3
3. Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары	4
4. Таза табысты (бір жылдағы пайданы), дивидендтердің мөлшері мен оларды төлеуді белгілеудің тәртібі	4
5. Қорытынды ережелер	6

1. Жалпы ережелер

1.1. "Almaty "Телерадиокомпаниясы" акционерлік Қоғамының (бұдан әрі - қоғам) осы Дивидендтік саясаты (бұдан әрі - Дивидендтік саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қоғам Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Дивидендтік саясат Қоғамның Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге Қоғамның есепті қаржылық кезеңіндегі таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі есепті кезеңдегі Дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстар дайындау кезінде басшылыққа алатын қағидаттарды айқындайды.

Бұл ретте, Қоғамның Директорлар кеңесі дивидендтерді төлеу арқылы да, Қоғамның меншікті капиталын ұлғайту арқылы да Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау және кірістерін көбейту мақсатын негізге алады.

1.3. Дивидендтерді төлеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімдерімен регламенттеледі.

1.4. Осы Дивидендтік саясаттың мақсаттары жолында Дивидент деп Қоғамның өзіне тиесілі Қоғам акциялары бойынша Қоғамның Жалғыз акционеріне есепті кезең үшін төленетін қаржылық есептілігіне сәйкес таза табыстың бір бөлігі ұғынылады.

2. Мақсаттары мен негізгі принциптері

2.1. Дивидендтік саясаттың мақсаты Жалғыз акционер мен Қоғам мүдделерінің теңгерімін, Дивидендтердің мөлшерін белгілеу тетігін, оларды Жалғыз акционерге төлеу шарттары мен тәртібін белгілеу болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып саналады.

2.2. Дивидендтік саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) Жалғыз акционердің мүдделері мен құқықтарын сақтау және қорғау, оның ішінде Қоғамның заңнамада көзделген дивидендтерді кепілдендірілген төлеуін қамтамасыз ету;

2) Қоғамның ұзақ мерзімді құнын ұлғайту;

3) Қоғамның қаржылық орнықтылығын, оның ішінде макроэкономикалық факторлардың әсерін ескере отырып қамтамасыз ету;

4) дивидендтердің мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығын қамтамасыз ету;

5) Жалғыз акционердің қысқа мерзімді (кірістер алу) және ұзақ мерзімді (Қоғамды дамыту) мүдделерінің теңгерімділігі;

6) Қоғамның таза кірісі өскен жағдайда дивидендтік төлемдердің ұлғаюын қамтамасыз ету;

7) Қоғамның қаржылық орнықтылық және өтімділік көрсеткіштерінің негізінде айқындалатын ұйымның жетілу дәрежесіне және қаржы-экономикалық жай-күйіне қарай оның дивидендтерінің мөлшерін айқындауға қатысты сараланған тәсілді пайдалану;

8) Қоғам жасасқан шарттарда белгіленген міндеттемелерді сақтау.

3. Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары

3.1. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған кезде Жалғыз акционер оларды төлеу шарттарын, сондай-ақ есепті қаржы жылы үшін алынған таза кірістің (жыл ішіндегі пайданың) мөлшерін және Қоғамның даму қажеттілігін негізге алады.

3.2. Қоғамның жай акциялары бойынша Дивидендтер төлеу шарттары:

1) есепті қаржы жылындағы қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері бойынша таза кірістің (жыл ішіндегі пайданың) болуы;

2) қолданыстағы заңнамада, Қоғамның Жарғысында көзделген Дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы;

3) Дивидендтерді есепке жазу мен төлеу тәртібінің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның жарғысына сәйкестігі;

4) Дивидендтер есептеу нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының теріс мөлшерінің болмауы немесе меншікті капиталының теріс мөлшеріне жол берілмеуі;

5) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілерінің болмауы не көрсетілген белгілер Қоғамда Дивидендтерді оның акциялары бойынша есептеу нәтижесінде пайда болады;

6) Директорлар кеңесінің бір жай акцияға шаққандағы таза табысты бөлу және жыл ішіндегі Дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарының болуы;

7) Жалғыз акционердің Дивидендтерді төлеу жөніндегі шешімнің болуы

4. Таза табысты (бір жылдағы пайданы), дивидендтердің мөлшері мен оларды төлеуді белгілеудің тәртібі

4.1. Алдыңғы қаржы жылының қорытындылары бойынша Жалғыз акционерге төленуге жататын Дивидендтердің жоспарлы көлемі Директорлар кеңесі

белгіленген тәртіпте бекітетін Қоғамның тиісті жылға арналған даму жоспарында есептеледі.

4.2. Дивидендтердің нақты көлемі қаржы жылының қорытындылары бойынша Қоғамның таза табысынан есептеледі және төленеді.

4.3. Таза кіріс – бұл барлық шығындарды, соның ішінде салықтарды шегергеннен кейін қалған бір жылдағы пайданың жалпы сомасы.

4.4. Таза кіріс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік туралы заңнамасының, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес белгіленеді және оны тәуелсіз аудиторлық ұйым растайды.

4.5. Қоғам тәуелсіз аудиторлық ұйымның өткен жылғы қаржылық есептілігіне аудит жүргізу қорытындылары бойынша Директорлар кеңесіне қаржылық есептілікті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерге сәйкес алдын ала бекіту үшін ұсынады.

4.6. Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционеріне есепті қаржы жылының қорытындылары бойынша төленуге жататын Қоғамның бір жай акциясына есептегенде таза кірісті бөлу тәртібі және жыл ішіндегі Дивидендтің мөлшері туралы ұсыныс әзірлейді.

4.7. Дивидендтің мөлшері бір жай акцияға шаққандағы таза пайда сомасын есептеу арқылы анықталады. Дивидендтер Қоғамның таза кірісінен есептеледі және төленеді.

4.8. Директорлар Кеңесі ұсынған Дивидендтердің бір жай акцияға шаққандағы мөлшері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі.

4.9. Белгіленген тәртіппен Дивидендтер төлеу туралы мәселені қарау кезінде Қоғамның ағымдағы жағдайы, оның қысқа, орта және ұзақ мерзімді жоспарлары назарға алынады.

4.10. Төлем мөлшері мен мерзімі туралы түпкілікті шешім Жалғыз Акционердің шешімімен белгіленеді. Дивидендтер төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасының талаптарымен белгіленген.

4.11. Егер Жалғыз акционердің шешімі бойынша Дивидендтерді төлеуге таза кірістің (бір жылдағы пайданың) 100%-дан азы жіберілсе, онда шешімде Дивидендтер төленгеннен кейін таза кірістің қалған бөлігін жіберу мақсаттары айтылады.

- 4.12. Дивидендтерді төлеу тиісті ақша сомасын қоғамның шотынан Жалғыз акционердің пайдасына бюджеттік сыныптаманың тиісті коды бойынша уәкілетті органның кірісіне аудару болып есептеледі.
- 4.13. Жалғыз акционердің Дивидендтер төлеу туралы шешімі болмаған жағдайда, қоғамның Дивидендтер төлеуге құқығы жоқ, ал жалғыз акционердің оларды төлеуді талап етуге құқығы жоқ.
- 4.14. Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғамның Жалғыз акционері оны тарату туралы шешім қабылдаған болса, Дивидендтер есептелмейді және төленбейді.
- 4.15. Қоғамның акциялары бойынша Дивидендтер төлеудің кезеңділігі Қоғамның жарғысымен белгіленеді.
- 4.16. Акциялар бойынша Дивидендтер ақшамен төленеді.
- 4.17. Жай акциялар бойынша Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау Жалғыз акционердің міндеті емес, құқығы болып табылады. Жалғыз акционер Дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 4.18. Дивидендтерді төлеу экономикалық тұрғыдан негізделген кезде және егер мұндай төлем ұзақ мерзімді перспективада Қоғам қызметінің орнықтылығының нашарлауына не Қоғамның төлем қабілетсіздігіне әкеп соқпаған жағдайда жүзеге асырылады

5. Қорытынды ережелер

- 5.1. Өзгерістерді, толықтырулар мен түзетулерді қоса алғанда, «Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ-ның осы Дивидендтік саясатын Қоғамның Жалғыз акционері бекітеді.
- 5.2. Қоғамның Дивидендтер төлеу мәселелері жөніндегі барлық іс-шараларды дайындауды, үйлестіруді және өткізуді Қоғамның атқарушы органы жүзеге асырады.
- 5.2. Осы Дивидендтік саясат Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.